

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Эпикур мен Зенон:
жақсы өмірдің сыры. 1-бөлім

1-тарау. Антикалық философия



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 7. Эпикур мен Зенон: жақсы өмірдің сыры. 1-бөлім

Эпикур

Эпикур мен Зенон – грек философиясының кейінгі кезеңінің өкілдері. Олардың әрқайсысы мыңжылдықтар бойы кеңінен тараған ағымның бастауында тұрды. Оларды, шамалап айтқанда, замандас деуге болар еді.

Эпикур эпикурлік, кейде гедонизм деген атпен белгілі ағымның негізін қалады, бірақ іс жүзінде бұл ағымның ой-тұжырымдарын, болжамдарын бүгінгінің адамы қолданбайды. Оның кейінгі ізбасарлары оның алғашқы іліміне аз ғана өзгерістер енгізді.

Зенон – біз стоицизм деп атап үйренген философиялық ағымның бастауында тұрған адам. Бұл ағым заманында өте белгілі болды және көптеген ойшылдардың көзқарастарына ықпалын тигізді. Тарихта стоицизмнің көптеген нұсқалары мен түрлері болды. Осы екі ойшыл да этиканың дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Гедонизм

Эпикур мен Зенон философиясы туралы сөз қозғалғанда міндетті түрде гедонизмді сөз етеміз. Гедонизм – ләззатты бірден-бір игілік деп түсінетін ілім.

Платон жақсы өмір ләззат алуға байланысты деген ойға қарсы шықты.

Аристотель ләззат – адамның бойында бақыт сезімінің туындауына әкелуі керек деп есептеді. Гедонизм болса, адамның өмірінде ләззаттан басқа игілік жоқ деп тұжырымдады. Эпикур философиялық ілімі адам қарапайым тіршілік кеше отырып, өмірден қалайша ләззат алуға болатынын үйретеді. Егер сіз шектен шығар мінез-құлықтан рақат тапсаңыз, онда өзіңізге ауру табатыныңызға күмән жоқ: ішімдік ішіп рақаттанғанда ынсапсыздық танытсаңыз, басыңыз ауырып азап шегесіз.

Эпикур ілімі бізге шат өмір туралы айтады. Сонымен қатар, сондай өмір салтының жағымсыз салдары мен теріс жақтарынан аулақ болуды үйретеді.

Ол – адамды түрлі азаптан алыс жүруге шақыруға бағытталған ілім. Бұл ілімі бойынша, адам рақаттанған соң азапқа жетелеуі мүмкін ләззат тәсілдерін іздемеуі тиіс.

Стоицизм

Христиан діні пайда болғанға дейін стоицизм ежелгі дүниенің ең ықпалды этикалық ілімі болды. Стоицизм құлдыраушы және хаосқа батушы дүниеде адамдарға құтылу мен құтқару жолын көрсетеді. Ізгілік пен зұлымдық – адамның өзіне байланысты. Біреулер сіздің үстіңізден билік жүргізуі мүмкін. Ол адамдар сізді қинап, түрмеге қамауы немесе құлдыққа сатып жіберуі ықтимал. Бірақ сіз билік пен күштің сыртқы көріністеріне мүлде мән бермесеңіз, сізге ешкім де үстемдік етіп, билігін жүргізе алмайды. Ізгі қасиеттер – адамның ерік күшінде, ерік күші қандай екеніне қарай, адам мейірбан немесе зұлым бола алады.

Эпикурдың өмірі

Эпикур б.д.д. 342 жылы Егей теңізінің Түркия жағалауындағы грек аралы – Самоста дүние есігін ашты. Афинаға ол 18 жасында әскери қызметін өтеу үшін келді. Ол гректің түрлі қалаларында көптеген ұстаздардан білім алды. Жасы отызды орталағанда ол Афинаға тұрақтау үшін қайта оралып, сол жерде өзінің философиялық мектебін ашты. Бұл мектеп әдеттегіден өзгеше болды. Оны қала шуынан қорғайтын бақ қоршап тұрды. Эпикур бұл мектепті ізбасарларына мұра етіп қалдырды. Шәкірттері оны көзінің тірісінде ұстаз тұтып, құрметтеп, қастерлейтін. Оның ілімдері мен сөздерін жатқа айтатын. Ұстаздың жазғандарын өзгерту немесе оларға күмәндану сатқындық саналатын. Философ үшін бұл нағыз сор еді. Эпикурдің сақталған еңбектері өте аз. Антикалық бір автор ол 300-ден аса кітап жазды деп тұжырымдағанымен, бізге олардың аз ғана бөлігі жетті.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 7. Эпикур мен Зенон: жақсы өмірдің сыры. 1-бөлім

Біз сүйенетін басты дереккөз, ойшыл ілімінің куәгері – Рим ақыны Лукреций. Оның поэмасында философтың содан үш жүз жыл бұрын жазған еңбектерінен ішінара өзгертілген кейбір үзінділер бар. Эпикур ілімінің Лукреций шығармаларында көрініс тапқан негізгі идеясы – адамдар жан тыныштығына ұмтылып, өлім мен Құдайлар алдындағы үрейден арылуы тиіс.

Өмірінің соңында ол қатты ауырды. Дертінің жанына батқанына қарамастан, таңғаларлық сергектігі мен өмірсүйгіштігінің арқасында тән азабын бәсеңдетті. Талқаны таусылар сәт жақындағанда философ алғашқы шәкірттерінің бірі Метродордың балаларын біреу қамқорлыққа алса деген тілегін айтты. Оның мектебі мектептен гөрі өзара түсіністік пен достық салтанат құрған қоғамдастыққа көбірек ұқсайтын. Кез келген адам әлеуметтік жағдайына және қоғамдағы орнына қарамастан Эпикурдың шәкірті бола алатын. Бұл мектеп-қауымдастық шәкірттерді, достарды, олардың балаларын ғана емес, құлдар мен жалшыларды да біріктірді. Тұрмыс салты өте қарапайым да қатаң болды. Қоғамдастық мүшелері көбіне нан мен суды қанағат тұтатын. Мектеп тұрғындары тойлауға шынымен дайын екенін саналы түрде түсінгенде ғана ірімшік берілетін. Эпикур б.д.д 270 жылы дүниеден өтті.

Эпикурдың ойлары: рақат

Оның философиясының негізгі идеясы адамның ақылға жүгініп, байыпты, тыныш өмір сүруіне бағытталған. Философ рақаттану сезіміне ерекше мән береді. Бұған адамның көңіліне ұнамды барлық рақат кіреді: дәм сезу, түйсіну, есту, көру және иіс сезу. Ең басты рақат – қарын рақаты. Ақыл-ой рақаты – екінші.

Эпикурдің пікірінше, ең басты рухани ләззат – тән рахаты және сезім қуанышы. Осы ұстанымның маңызды ерекшелігі – ауруды елемеу арқылы рақаттануға болады. Десек те ізгі адам – рақатқа ұмтылып, адамгершіліктен аттамау керек екенін айтады. Өзгелердің назарынан, шектеулі пікірінен қорықпай әрекет ету адамның әділдігін көрсетеді.

Белсенді және самарқау рақаттар

Алғашқы гедонистер өздерінің пайымдау процестерінде белсенді және самарқау рақат ұғымдарын қолданды. Адам қалаған мақсатына жеткенде белсенді ләззат алады деп тұжырымдады. Егер адамда бірдеңе жетіспесе, соны қалайтын жан ауруы пайда болады. Гедонистердің пікірі бойынша, адам рухы қалыпты күйде болғанда самарқау ләззат алады. Белсенді ләззат адам қатты шөлдеп, су ішкенде байқалады. Шөлдемей-ақ су ішкендегі күй – самарқау ләззат. Эпикур ең жақсысы самарқау ләззат күйі деген пікірге бейімдірек болды. Оның пікірінше, бұл – бейкүнә хал, адам самарқау рақаттанып отырғанда, әлденені қалап, бас ауыртпайды. Осылайша оның пікірінше, кез келген адам қалауды қанағаттандырудың мүмкін еместігінен туындайтын азаппен ешқандай байланысы жоқ самарқау ләззатқа ұмтылуы тиіс еді. Эпикур әрқашан рақаттанудағы ұстамдылыққа ұмтылды. Демек, оның рақат ұғымын тіпті басқаша түсінгендігін, оған этикалық мән бергенін аңғарамыз. Егер адамның табиғи қажеттіктері өтелсе азығы, киетін киімі, баспанасы болса, онда адам өзінің табиғи дарындарын сыртқа шығарып, шығармашылық дәрежесіне көтеріліп, өзін нағыз бақытты адаммын деп сезінеді. Ойшылдың мектебіне оқуға келген адамды алғаш рет қарсы алғанда, оның аяқ-қолын таза сумен шайып, содан кейін бір шелпек нан мен бұлақтың суын беріп «Ал енді өзіңізді бақытты сезініңіз», – дейді екен.

Эпикур рақаттың өзін дұрыс түсінуге шақырады, өйткені адамның қажеттіктерін табиғи және жасанды деп екіге бөлуге болады. Ал соңғылардың біршамасы тіпті, керек те емес. Олардың анықтаушысы адамның ақыл-ойы, әділеттік және адамгершілік сезімдері.

Рақаттанудың соңғы мақсаты ол дененің зардабы мен жан-дүниенің қобалжуынан аулақ болу. Оны ол кісі атараксия деген ұғыммен береді. Егер адам тыныш өмірге ұмтылса, жан дүниесі тұрақты болса, дене ауруы болмаса, болашақ зардаптан, өлімнен қорықпаса, онда оның ішкі рухани өмірінің бақыты арта түседі. Қарапайым тынық жерде, жолдастарыңның



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 7. Эпикур мен Зенон: жақсы өмірдің сыры. 1-бөлім

арасында, мемлекеттің жұмысына араласпай өзіңмен өзің болып өмір сүрсең, сен бақытқа жетесің. Байқалмай өмір сүр – Эпикурдың ең жақсы көретін нақыл сөзі болатын.

Азаптардан құтылу

Оның теориясының мәні – адамның рақаттануы емес, азаптанбауы. Байлық, даңқ, құрмет және жәнетабыс – бәрібекер; олар сіз рақаттануыңыз мүмкін кезде мазаалайды. Платон мен Аристотель философияның мәні бұрын белгісіз болып келген білімдерді игеруде деп білді. Олардың түсінігі бойынша, философияның дамуы үшін математика және логика сияқты дәл ғылымдар қажет болды. Ал Эпикур үшін философиямен шұғылдануға ойлаудың салиқалы ақылға негізделген нақты әдістемесі ғана қажет еді. Ол шәкірттеріне мәдениеттің кез келген формасын қуаттаудан қашу керек деп кеңес берді. Оның шәкірттері қоғамдық өмірге қатыспауға тиіс еді. Мұның себебі қарапайым ғана. Мысалы, сіз белгілі бір табыстарға жетіп, басқа адамдардың үстінен билік жүргізу тетігіне ие болсаңыз, сізді көреалмаушылардың, тіпті зиянын тигізуге тырысушы адамдардың саны көбейетіні сөзсіз. Осы ережелерді ұстанған Эпикурдің бұл қадамын эгоизмге баласақ та, ол достықты өте жоғары бағалағанын айтуымыз керек. Бұл оның өз достарын қорғап, оларға көмектесуге тырысқанынан байқалады. Ол басқалардың азабын өз азабындай сезініп, адамдар оның философиясынан жұбаныш тапқанын шын көңілімен қалады.

Эпикур, ең алдымен, үрейден құтылуға тырысты. Ол үрейдің екі негізгі бастауын бөліп көрсетті: Құдай алдындағы және өлім алдындағы үрей. Ежелгі гректердің адам өлгеннен кейін не болатыны туралы түсініктері тым бұлдыр болды. Олар оны білгісі де келмеді. Өлімді бақыт ретінде өте сирек сипаттады. О дүниеге барып келген және өздері бұл дүниедегі өмірде таныс болған адамдарды кездестірген басты кейіпкерлер мысалы, Одиссей туралы аңыздар өлімді жағымсыз түрде бейнеледі. Барлық діндер, олардың аздаған тобы ғана болмаса, өлгендер бақыт таппайды деген көзқарасты ұстанады. Ол үшін дін – жұбаныш көзі емес, үрейдің бастауы. Адам ажалсыз болса, үрей мен аурудан ешқашан да құтыла алмас еді.

Эпикурдің атомдық теориясы

Эпикур материалист болды. Ол дүниедегі бар зат материядан тұрады деп есептеді. Оның пікірінше, дүние атом мен бос кеңістіктен жасалған. Бос кеңістікке тап болған атомдар бір-бірімен соқтығысып жанасады да, объектілерге айналады. Эпикурдің ойынша, жан да материядан тұрады. Өлімнен кейін жан тәннен бөлініп, оның ұсақ бөлшектері бытырап шашылып кетеді. Ол Құдайлардың бар екеніне сенімді болды. Бірақ Құдайлар өздерінің ләззаттарынан рақаттанатын немесе азап шегетін ақылды гедонистер сияқты болып көрінді. Оларды адамдардың істеріне араласпай, қоғамдық өмірден өздерін саналы түрде аулақ ұстады деп есептеді. Демек, адамның Құдайлардан қорқуының мүлдем негізі болған жоқ.

Эпикур физикасына келер болсақ, оның негізгі қағидалары мынандай:

1. Еш нәрсе жоқтан пайда болып және жоққа кетпейді.
2. Ғарыш әрқашанда осындай болған және болашақта да осындай болады, өйткені басқаға айналатын ешнәрсе жоқ.
3. Ол денелер мен кеңістіктен тұрады, денелер жөнінде біздің сезімдеріміз айтады, ал кеңістік болмаса денелердің қозғалысы болмас еді.
4. Денелер мен тұрақты атомдар бөлінбейді және солардан әртүрлі заттар құрылған.
5. Атомдар мен денелер жағынан да, кеңістік жағынан алғанда да ғарыштың көлемі және ол жерлегі дүниелердің саны шексіз.

Байқағандарыңыздай, мұндай көзқарас Демокриттің іліміне өте жақын. Дегенмен оның көзқарасының айырмашылығы атомдарға көлемі мен бітімінен тыс салмақ қосылады. Екінші негізгі Эпикурдың жасаған жаңалығы өзінің салмағы арқылы кеңістікте құлдырап бара жатқан атом алғашқы бағытынан ауытқып кетеді. Олай болатын болса, бұл Демокриттің Дүниеде тек қана қажеттілік пен себеп бар деген көзқарасына үлкен соққы болды. Атомдардың ауытқуын Эпикур оның ішкі қасиеттерінен шығады деген пікірге келді.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 7. Эпикур мен Зенон: жақсы өмірдің сыры. 1-бөлім

Түйін

Гедонизмнің іргелі идеялары екі бастауға негізделген. Бірінші бастау – адамның іс-әрекеттерін психологиялық тұрғыдан сипаттау: адам қандай болса да, оның іс-әрекеті рақаттануға ұмтылысынан туындайды. Осылайша егер әлдекім жаны сүйген адамдары үшін қандай да бір құрбандыққа барса, оны бұл қадамға жетелейтін – «осының бәрі сол адамдардың қауіпсіздігі үшін керек» деген ойдан туатын ләззат. Оның теориясының екінші бастауы – адам рақат алуға ұмтылуы тиіс деген пікір. Рақат – бірден-бір маңызды құндылық.

Гедонизм адамның кез келген саналы іс-әрекетінің жалғыз себебін мейлінше дәл атайды.

Кезкелген іс-әрекет пен кез келген қылықтың тұрақты және инструменталды құндылықтарға ие белгілі мақсаттары бар. Осылайша адамның бүкіл саналы іс-әрекетін жалғыз ғана мақсат түсіндіре алады: кез келген адам ақыр соңында ләззат алуға ұмтылады.

«Сіз мұнымен келісесіз бе?» – дейді Д. Джонстан. Адамдардың барлық іс-әрекетін түсіндіре алатын басқа ниеттерді атай аласыз ба? Сіз ұсынған тізім қаншалықты көлемді? Ләззат алуға ұмтылу кез келген адам әрекетінің басты себебі ме? Егер адам табысқа жету үшін ерінбей-жалықпай еңбектенсе, табыс осы адамға ләззат беретін нәрсе деуге болады. Бірақ, сол адам, басқасын айтпағанның өзінде, үйленіп, отбасын құрса, осының бәрі жалғыз ғана мақсат үшін – ләззат алу үшін немесе тіпті табысқа жету үшін дегеніміз дұрыс болар ма екен? Мүмкін адам әрекеттерін анықтайтын мақсаттар бұдан күрделілеу шығар?

Егер біз осындай теорияға терең бойлағымыз келіп, бір адам үшін рақат, мәселен, өмірде табысқа жету, екінші адам үшін – ақша, үшінші біреу үшін басқа ләззат десек, онда бұл адамның іс-әрекетін бағалауда еркіндік принципін ұстанғанымыз болар еді. Мұндай жағдайда біз адам өзіне не қажет болса, соны алғысы келеді деп қайталаймыз да қоямыз. Бірақ адамның қалауы ақыр соңында этикалық сананың тарылуына әкеледі ғой. Ал бізде этикалық сана бар. Мұның басты себебі – біз елсіз аралда өмір сүрмейміз, қоғамнан ажырамағанбыз. Бізде этикалық сана бар, себебі басқа адамдардың арасындамыз, социумде өмір сүреміз. Не істеуім керек? Бұл қылығым туралы басқалар не ойлайды? Айналамдағы адамдар не істегені дұрыс? Осы сұрақтардың бәрі бір-бірімен байланысты. Осының бәрін ескере келгенде, гедонизм – адамның іс-әрекетінің жай ғана сипаттамасы емес. Бұл – адамның қандай да бір жағдайда қалай әрекет етуі қажеттігі туралы бағаламалы пайым. Гедонизм лайықты және берекелі өмір дегеніміз – рақатқа толы өмір, оған жету үшін әрекеттену қажет дейді. Эпикур кейбір ләззаттар азап шегумен тығыз байланысты деп тұжырымдады. Мысалы, темекі шегу – әдетке айналып кететін ләззат. Қалай ойлайсыз, әдеттенуді азаптану деп атауға бола ма? Оның үстіне, шылымқор басқа адамдарға да зиянын тигізуі мүмкін.

Егер шылым шегу мен үшін рақат болса, мұны жақсы өмір – ләззатқа толы өмір деп айта алмаймыз. Ләззатқа толы өмір көбіне ләззатпен қатар жүретін азаптан бөлек қарастырылмайды. Басқасын айтпағанда, біздің белгілі бір міндеттеріміз, сонымен қатар, рақаттарымыз да бар. Бұл міндеттер бізді жалықтырып, шаршатып жіберуі мүмкін. Адам азаптан қашу үшін міндеттерінен бас тарта ала ма? Сіз салық төлеуден туындайтын азаптардан құтылғыңыз келіп немесе салық төлемей рақаттанғыңыз келіп, салық жинаушы сізден ақша талап етпеу тиістігін дәлелдеген кездеріңіз болды ма? Қалай ойлайсыз, ол сізге не айта алады? Салық салуды ол этикалық тұрғыдан қалай ақтаған болар еді?

Эпикурдің гедонизмі Иеремия Бентам мен Джон Стюарт Милльдің этикалық ілімдерінен көрініс тапты. Кейде бұл ілімдер этикалық гедонизм деп аталады.

Бұл ілімдердің негізі – «көпшіліктің барынша көбірек бақыты» деп аталатын этикалық теория. Теорияның кейбір бағыттары адамның іс-әрекеттерін олар алған ләззат пен азаптың сапалық және сандық көрсеткіштері тұрғысынан қарастырып, бағалауға ұмтылды. Адам шын мәнінде бақыт пен рақатқа жете ала ма? Қазіргі заманғы психология бақыт дегеніміз – басқа мақсаттарға жетумен қатарласа жүретін сезім деген пікірді ұстанады. Біз мақсатқа жету жолында қажыр-қайратымызды жұмсаймыз, бірақ рақат пен бақыт туралы ойланбаймыз да. Алға қойған мақсаттарымызға жету үшін қандай да бір іс-әрекеттер жасаған кезде нағыз бақытты болғанымызды кейін ғана түсінеміз. Бірақ біз ләззат алуды мақсат еткен жоқпыз ғой. Бұл жағдайда өзіміз саналы түрде алуға тырыспаған ләззат бізге белгісіз бір марапат ретінде келді, – деп аяқтайды кітабының Эпикурге арналған бөлімін Дерек Джонстон.